



Ел жүргі - елорда шекіресі

АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Ғылымсыз қоғам алға жылжымайды

Астанадағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халқымызға арналған "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Жолдауы талқыланды. Жиынға жоғары оқу орнының ғалымдары мен студенттері қатысты.

- Елбасының халықта Жолдауы қашан да ерекше маңызы бар оқиға саналып, алдағы таңда мемлекеттің дамуы мен экономикалық-әлеуметтік саласының бағытын айқындалп береді, - деп бастады сөзін университет ректоры. - Биылғы жолдаудың ерекшелігі - Мемлекет басшысы экономиканың технологиялық дамудың жаңа моделін ұсынып отыр. Бұл дегеніміз - ғылым мен инновация және адам капиталының сапасы көтеріледі деген сөз. Біздің ғалымдардың армандалп жүрген ойлары Жолдауда жазылғандықтан, оған өте куаныштымыз. Ғылымсыз қоғам алға жылжымайды. Жолдауда ғылыми-зерттеу институттарын құру, оқулық бағдарламаларын өзгерту, ағылшын тілін дамыту туралы нақты тапсырма берілген. Ал оны жүзеге асыру - бәріміздің де алдымызда түрған міндеп, - деді ол.

Содан кейін Ақылбек Күрішбаев «Қазіргі таңда Елбасының Жолдауын іске асырудың жоспары даярланып жатыр. Біз оған үн қосуымыз қажет. Құні кеше Білім және ғылым министрлігіне, сондай-ақ, Ауыл шаруашылығы министрлігіне хат дайындаудық. Онда Қазақ агротехникалық университетінің базасында ғылыми-зерттеу университетін құру мен техникалық базаны күшетту және оқытушылардың жалақысын көтеру жайында жаздық. Әрине, оның бәрі ел бюджетіне байланысты болғанымен, біз мемлекеттік гранттардың көлемін ұлттық университеттердің деңгейіне дейін көтеруді ұсынып отырмыз» деп өзекті ойдың түйінін тарқатты.

Сондай-ақ, оның айтуынша ақпан айында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті мен Қарағанды облысының әкімдігі арасында меморандумға қол қойылып; кенді өлкे аймағына оқу ордасының қашықтықтан басқару технологияларынан бастап мал мен жер шаруашылығы саласындағы ғылыми жаңалықтарды таныстырып, ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында студенттерді іс-тәжірибеден өткізуді жоспарлап отыр екен.

Сонымен бірге, жиында экономика факультетінің деканы Әлия Сабыржанқызы мен энергетикалық факультеттің 1-курс студенті Мариям Жалғасбаева жарыссөзге шығып; Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауы жайында жылды пікірлерін білдірді.